

Шәкірт ойы

ҒАСЫРЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Мектеп — біз үшін алтын ұя, балалық арманымызды ұштап, көкжиегімізді көңейтетін қасиетті мекен. Саналы да салиқалы ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еткен ұлағатты ұстаздар шоғырланған білім ордасы әркімнің жүрегіне жақын.



Мен білім алатын мектеп Өйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылында орналасқан. Бұл — туған топырағымыздан түлеп ұшқан, «Маржан жырдың мәртебелі дегдары» атанған ақын Қуандық Шаңғытбаевтың есімі берілген киелі қара шаңырақ. Ғасырға жуық тарихы бар бұл мектеп — ұрпаққа тәлім беріп, талай дарынды түлеткен ордалы оқу орны.

Мектеп тарихы 1928 жылдан бастау алады. Сол жылы шағын бастауыш білім ошағы ретінде құрылып, үш жылдық бір сатылы мектеп ретінде жұмысын бастаған. 1933-1934 оқу жылында мектепке мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Исаевтың есімі беріліп, Қарабұтақ орталау мектебі мәртебесін иеленді. Ал 1938 жылдан бастап Қарабұтақ орта мектебі атанды. Уақыт өте келе мектептің материалдық-техникалық базасы нығайып, 1965 жылы білім ордасы екі қабатты типтік жобада салынған жаңа ғимаратқа көшірілді. Ал 1966-1967 оқу жылынан бастап Қарабұтақ қазақ орта мектебі болып аталған. 2019 жылы алтын ұямыздың 90 жылдық мерейтойы тойланып, мектебіміздің түлегі, ақын Қуандық Шаңғытбаевтың есімі берілді.

Биыл Қуандық, ақынның 100 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтілгені көпке мәлім. Тасын түртсең тарихынан сыр шертетін киелі мекеніміз — Қарабұтақ ауылында, ақынның білім алып, атағы берілген алтын ордасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың

«1000 мектеп» реновация жобасы арқылы жаңартылған заманауи қондырғылар әкелінді. Қазіргі таңда мектебімізде дарынды оқушылар саны көп. Аудан бойынша үздік мектептер қатарында көш бастап тұр. Өнегелі ұстаздардан тәлім алған өнерлі шәкірттеріміз аудандық, облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, биік белестерді бағындырып жүр. Мектебімізде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу үшін түрлі клубтар құрылды. «Дарабоз» дебат клубы, «Қаламгер» оқушы-ақындар клубы, «Инабат» қыздар клубы, «Мұрагер» ер балалар клубы, «Шабыт» театры сынды ұйымдар білім алушыларымыздың қабілет-қарымын дамыту жолында үздіксіз жұмыс жасап келеді. Мектебімізде шахмат үйірмесі тұрақты түрде жүргізіледі. Жетекшісі — жас маман, денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бекнұр Бағамұлылов. Үйірме қатысушылары ақыл мен ойдың тартысында қанжығаларын майлап, мектебімізді көпке танылып жүргенін зор мақтанышпен айта аламыз.

«Шаңғытбаев жаңалықтары» — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Саймов Саламат Мақсұтұлының бастамасымен 2019 жылы іске қосылған тың жоба. Мақсаты — оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, жас тілшілерді тәрбиелеу. Жоба аясында оқушылар подкаст, блог, репортаж сияқты заманауи медианың түрлі бағытында жұмыс жүргізіп, өз ойын ашық жеткізуге, сауатты жазуға және көпшілік алдына еркін шығуға машықтанады.

Ғасырлық тарихқа жүк болар бұл қара шаңырақ әлі де талай арманды жетелейтін, талай талапты тұлға қалыптастыратын рухани орта бола бермек.

Жаннұр МҰХАНБЕТСАПА,
Қ.Шаңғытбаев атындағы мектептің
9-сынып оқушысы.
Өйтеке би ауданы.

Мектеп



ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Әлемді уысында ұстаған жаһандану, оның әсерінен болып жатқан әлеуметтік-экономикалық саладағы айтулы өзгерістер білім беру жүйесіне де ықпал етуде. Сондықтан заманауи білім беру асқан жауапкершілікті талап етіп отыр. Бүгінгі таңдағы ұстаздарға жүктелер басты талап — жан-жақты зерделі, заман талабына жауап беретін, өмір ағымына ілесіе алатын тұлғаны тәрбиелеу болса, ал негізгі мақсат сол тұлғаның өмірге бейімделіп қана қоймай, рухани жан дүниесінің бай болуы. Техника мен нарық заманы деп адами құндылықты кейінге шегеруге есте болмайды.

Адамгершілік — рухани тәрбие. Ол адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағыталады. Бұл адамды мейірімділікке, Отанның, елінің, отбасына сүйеге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды.

Жанартылған білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Бүгінгі ұрпақ санасы, талғамы мен талабы мүлдем басқаша. Смартфонның құрығына түскен жасөспірім шынайы өмірден алшақтап, виртуалды әлемнің тұзағынан босай алмауда. Бар санасымен өзге әлемде отыратын жастар

шынайы өмірдің болмашы қиындықтарына шыдамай, ашушаңдыққа бой алдырып, адами қасиетке мән бермеуге бейім.

«Ел болам десен, бесіңді түзе» деген халық даналығына сүйенсек, бұл — қоғам болып алаңдайтын мәселе. Дегенмен мемлекет те әрекетсіз отырған жоқ. Жан-жақты ойластырылған түрлі бағдарламалар, қосымша орталықтар, мектептен тыс жұмыстар, түрлі бағыттағы үйірмелер мен спорттық секциялар әлеуметтік серіктестік аясында жүзеге асырылып жатыр.

Халықтың асыл мұрасы саналатын әдебиет — тәрбие мен ұлттың ұстанымын көрсетер, салты мен дәстүрін, тарихы мен шежіресін шертетін қайнар бұлақ. Өскекең ұрпақты елжандылыққа жетелер, жас ұрпақ кеудесіне мақтаныш пен құрмет сезімін ұялатар, еңбек пен әрекетке баулып, адамгершілік нұрын сыйлайтын ерекше пен де осы әдебиет.

Сондай-ақ ұлтымыздың ерекшелігі мен мол мұрасын жинақтаған әдебиет пені арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі, түсінігі мен ерекше тәрбиесін, халқымыздың керемет дүниесін таныстыруда көркем шығарманы талдау, ізденіске жетелей отырып үйрету маңызды.

Әдебиет пәнінің мақсаты — көркем шығарманы оқыту барысында оқушының қызығушылығын оята отырып, оны ізденуге, өз бетімен білім алуға жетелеу. Бұл орайда ұстаз алдына қойылатын міндет — дұрыс оқыту технологиясын таңдай білу. Әдебиет пені оқытатын кез келген көркем шығарма халқымыздың терең тамырлы ұлттық болмысына, ұлтқа тән мінезіне, қазақы қарым-қатынас мәдениетіне, сөйлеу әдебіне, танымдық болмысына, әлеуметтік тұрмыс жағдайына байланысты салт-сана дәстүріне толы. Осы қазыналы құндылықты оқушы санасына жеткізу үшін ұстаз үнемі іденісте жүрумен қатар, әр туындыны түсіндіру барысында неге басты назар аудару қажеттігін біліп, сабақ жоспарын да сәйкестендіріп құрастыруға тиіс. Оқушыны көркем шығарма оқуға қызықтыру үшін алдымен күнделікті тақырыпты баланың жүрегіне жеткізу жолын біліп алған дұрыс.

«Әдебиет — ардың ісі» деген бар. Жалпы, желкілдеп өсіп келе жатқан жас буынды тек адамгершілік емес, имандылыққа, әдептілік пен арлылыққа тәрбиелеп, оларға кісілік келбетін дарытуда әдебиеттің алар орны ерекше. Бұл сөзімізге қазақ көпіндегі шамшырақ бола білген Ыбырай Алтынсариннің еңбектері дәлел. Ұлы ұстаздың қай еңбегін алмасақ та, адамгершілік тәрбиесіне баулу әдістерінің бірнеше түрін көруге болады.

Бала атаулы бүгдүршіш шағынан оның «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ағартушының тәрбиелік мәні е жоғары еңгімелер мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып-үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі.

Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Барлық тәрбиенің негізі адамгершіліктен бастау алатынын ескерсек, ұрпақ бойына берілетін рухани құндылықтарды педагог қауымы әдебиет арқылы дарытып отыруына тағы да көз жеткізесіз. Әдебиет өлемінің өзі жан біткенді әдептілікке жетелейді. Сондықтан мұғалім өз пәнін үлкен махаббатпен, ерекше ықыласпен түсіндіріп, әр сабағын ертеңгі ұлтты тәрбиелейтін баспалдақ деп санайды.

Жанар САЛИЕВА,
Индира ЕЛУБАЙ,
Ақтөбе қаласы №30 қазақ орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.

«Ramazan Qus» ЖШС

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 13 қаңтарда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ясное ауылы, 1Г мекенжайында (Ақтөбе орта мектебінің акт залы) «Ramazan Qus» ЖШС-ның ШРШ, ҚББ, ЗББ, Іс-шаралар жоспары, ҚОҚБ жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru> сайттарынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірлімейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru> сайттарында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRISlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>.

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wrUKe.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Жарық тұрғын алабы, 10-ғимарат. Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Ramazan Qus» ЖШС. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Жарық тұрғын үй массиві, 10-ғимарат, Телефон нөмірі:

Жобаның әзірлеушісі: Ж.С.Құнтаева ЖК, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 56Д/к2, 40-кеңсе. БСН: 710204450062. Электронды пошта: west_mic_zhan@mail.ru, Телефон нөмірі:

«ЖанЭкоСервис — С» ЖШС

Ластаушы заттардың жол беретін шығарындыларының нормативтері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары «Мұнай өндірумен байланысты қалдықтарды қабылдау және өңдеу үшін полигонды қайта құру» жұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау келесі мекенжай мен уақыт бойынша өтеді: 16 қаңтар 2026 ж. 15.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, Сарыкөл ауылы, Мешіт көшесіндегі 64-құрылыс.

Географиялық координаттары: 48.560007, 57.304040.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде де қолжетімді болады. Онлайн қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/86398931383?pwd=hEc0lyiXtgiMxly0cSgqu536aE72S.1> сілтемесі бойынша өтіңіз.

Конференция идентификаторы: 863 9893 1383. Қатынас коды: 3РрQ24. Бастамашы туралы мәліметтер: «ЖанЭкоСервис — С» ЖШС, БСН 081140019932, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 12БГ ы.а., 54НП1 үй. Б.т.: +77474114073, Д.Б.Рыскулов.

Жоба авторлары туралы мәліметтер: «Audit Ecology» ЖШС, БСН 180840031539, Ақтөбе қ., Маресьева көш., 77, 3-пәтер Б.т.: 8 (7132) 55-06-08 Г.И.Алманиязов.

ҚО және ТРҰДБ веб-сайтына және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru>.

Сурақтар бойынша байланыс ақпараты: zh.e.c-s@mail.ru, б.т.: 8-747-411-40-73.

Ескертпелер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде Ақтөбе обл. бойынша ТР және ТПРБ, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40 бойынша қабылданады. Б.т.: 8 (7132) 55-09-30, E-mail: expert_oos@mail.ru.

«ЖанЭкоСервис — С» ЖШС

«Мұнай өндірумен байланысты қалдықтарды қабылдау және өңдеу үшін полигонды қайта құру» жобасына ықтимал әсерлер туралы есепжұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау келесі мекенжай мен уақыт бойынша өтеді: 16 қаңтар 2026 ж. 14.00-де Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, Сарыкөл ауылы, Мешіт көшесіндегі 64-құрылыс.

Географиялық координаттары: 48.560007, 57.304040.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде де қолжетімді болады.

Онлайн қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/86398931383?pwd=hEc0lyiXtgiMxly0cSgqu536aE72S.1> сілтемесі бойынша өтіңіз.

Конференция идентификаторы: 863 9893 1383. Қатынас коды: 3РрQ24.

Бастамашы туралы мәліметтер: «ЖанЭкоСервис — С» ЖШС, БСН 081140019932, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 12БГ ы.а., 54НП1 үй. Б.т.: +77474114073, Д.Б.Рыскулов.

Жоба авторлары туралы мәліметтер: «Audit Ecology» ЖШС, БСН 180840031539, Ақтөбе қ., Маресьева көш., 77, 3-пәтер Б.т.: 8 (7132) 55-06-08 Г.И.Алманиязов.

ҚО және ТРҰДБ веб-сайтына және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru>.

Сурақтар бойынша байланыс ақпараты: zh.e.c-s@mail.ru, б.т.: 8-747-411-40-73.

Ескертпелер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде Ақтөбе обл. бойынша ТР және ТПРБ, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40 бойынша қабылданады. Б.т.: 8 (7132) 55-09-30, E-mail: expert_oos@mail.ru.

«ASTANA EXPO TRADE LTD» ЖШС

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 12 қаңтарда сағат 12.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Шеңгелші ауылы, Құрманиязова Шакиза көшесі, 11-үй, Негізгі орта мектеп ғимаратында «Мортук Шығыс кен орнындағы №2 және №7 ұңғымалардан мұнай мен газды жинау жүйесін ерте өндіру кезеңінде жаңғырту» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru> сайттарынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірлімейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru> сайттарында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRISlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>.

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wrUKe.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жағабұлақ ауылы, Н.Қаржаубаев көшесі, 7-үй.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Astana Expo TRADE Ltd» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Р.Қошқарбаев даңғылы/1, 201 кеңсе, Дубай блогы, 2-қабат, нөмірі тел.: 8-778-833-5336, электронды мекенжайы: info@astanaexpotrade.com

Жобаның әзірлеушісі: «KJS Project & Consulting «ЖШС», 29А ш / а., зд.54, тел: +7 (7292) 55 00 53, әл.пошта: kjs_project@inbox.ru. БСН: 080 440 012 170.

Ақтөбе

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АКТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҮРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның талпынысы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханалардағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11653 Талсырыс №1399

Немірдің кезекші редакторы
Индира Өтемис